

**А. Абашев, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Д. А. Мергембаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Әлемдік қауымдастықтың жаңа жауы пайда болды. Ол күшті де қауіпті, қатыгез де зұлым. Ол — терроризм. Қазірдің өзінде лаңкестікті «XXI ғасыр обасы» деп атауға болады, өйткені ол өзінің күйретуші күші жағынан осы аурумен теңдес. Статистика бойынша екі күннің бірінде лаңкестік әрекет жасалып, оның нәтижесінде мыңдаған адамдардың қыршын өмірі үзіледі, қалпына келтіруге көптеген жылдар кететін тарихи, рухани, материалдық, мәдени құндылықтар қирайды. Кейбір адамдардың, топтардың, ұйымдардың зұлымдық ниетіндегі саяси, діни, ұлттық пиғылдарын жүзеге асыру құралына айналуға.

Алғашқы террористік актілер нақты саяси қарсыласты өлтіруге бағытталған.

Алғашқы террористік ұйым — сикарилер (лат. sicarii — қанжарлылар) сектасы римдік Иудейде пайда болды да, б.э.д I ғасырда Палестинада еврей шонжарларының өкілдеріне қарсы рим басқыншыларына бірлесе отырып әрекет етті. Бұлар өздерінің мақсаттарына жету үшін қорқыту мен барлығын шошытуды шебер пайдаланған өте қарапайым пайдакүнем қарақшылар еді.

XXI ғасырдың басы лаңкестіктің жаһанда өршуімен сипат алады. Мысалы: Нью-Йорк, Израиль, Мәскеу, Беслан, Шешенстандағы және әлемнің басқа бөлігіндегі қайғылы оқиғалардың барлығы ұқсас болып есептеледі.

Бүгінде әлемде саны, күші және әсер етуі жағынан әртүрлі 500-ге жуық террористік ұйымдар бар. Олар әлемнің әртүрлі аймақтарында әрекет етеді және әртүрлі бағыттарға қатысты.

Дүниежүзінің заңгерлерінің терроризмнің алдын алу бойынша және оны жоюға қатысты ашық пікірлер қарастырылуда.

Соңғы XVII-XVIII жылда Орта Азия аумағында жалпы экстремизм түрлерінің қауіп күшейді. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және ішінара Қазақстан Республикаларындағы әртүрлі экстремистік бағыттағы ұйымдар тарапынан болған жағдайлар, жалпы экстремизмнің түрлерінің, оның ішінде діни экстремизм құбылысын зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Көптеген діни қызметкерлер діни экстремизмнің қоғамға қарсы сипатын әшкерелеп, діншілдерді қылмыстық мақсатты көздеген қозғалыстарға қатысудан сақтауға тырысып, оған қарсылықтарын білдіріп жүр. Діни экстремизмге қарсы күрестің тиімділігі көбіне ұлттық заңның, ұлттық және діни өшпенділік пен араздықты туғызатын, сондай-ақ мемлекеттер мен қоғамдардың конституциялық құрылымының негіздерін күштеп өзгертуге, бүтіндігі мен қауіпсіздігін бұзуға бағытталған үгіт-насихат пен іскерлікке тиым салу бойынша талаптары қаншалықты дәйекті және қатаңдылығымен байланысты болып келеді.

Қазіргі кезде террорист ұйымның мүшесі қандай да бір мұсылман елдің азаматы болса болғаны, әлгі бұлақтар дереу «мұсылман террористер» дей салады. Ал басқа діндегі террорист топтар туралы болғанда, олардың діни айтылмайды да басшының ғана аты немесе

шыққан жерінің аты, ең болмағанда саяси көзқарасы ғана айтылады. Мұның негізінде исламда жағымсыз етіп көрсету секілді жауыз пиғылдар болғанын айта кетуіміз керек.

Жалпы терроризм барған сайын қорқытудың жаңа түрін іздейді, аумағын кеңейтеді, қатыгезденеді. Террористер әрекеті шектен шығып кетті, олар ешнәрседен аянбайды. Мысалы, Жапонияның метросында болған жағдай. Шетелдік эксперттердің сипаттауы бойынша, олар алдын ала жаппай жою қаруын бірнеше рет байқап көрген, қаруды дайындап, сонан соң ядролық мекемелердің ішіне кіруге тырысады. Мысалы: Бұрынғы ФРГ-да террористердің сбір жарасының бацилласын қолданғаны, Австрияда радиоактивті заттарды шашқаны, Парижде улы зат шығаратын жасырын лаборатория табылған, оның уының күштілігі сондай 200 грамы дүниежүзінің тірі жанын құртуға жеткілікті екен. Әлеуметтік-этникалық, діни радикализм мен экстремизмнің ең шектен шыққан формасы ретінде ол өз мақсаттарына жету үшін еш нәрседен аянбайтынын дүниежүзінің әр жерінде бой көрсетіп жатқан іс-әрекеттері дәлелдейді. Халықаралық масштабта терроризм қауіпті эпидемия ретінде тарады.

Сонымен, менің ойымша лаңкестікпен күрестегі тиімді іс-әрекеттер жүзеге асуы үшін оның бірыңғай халықаралық құқықтық түсінігін және осы қылмыс түрінің нақты құқықтық сипаттамасын қабылдау қажет.

Лаңкестікке қарсы тұру бүкіл өркениетті елдермен негізгі жалпы мемлекеттік міндеттердің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы маңызды іс-әрекеттерге: құқықтық базаның жетілдірілуі, арнайы қызмет органдары арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту, лаңкестікті қолдайтын елдерге максималды қысым жасау, лаңкестік мәселесімен айналысатын арнайы қызмет органдары қызметкерлерінің санын арттыру және оларды техникамен барлық қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Теракттердің алдын алу мақсатында екіжақты және көпжақты келісімдер шеңберінде барлық жақтардың ынтымақтастығы. Террористік акттерді жасаған адамдардың қаржы активтерін экономикалық ресурстарын жуып тастау қажет. Террористердің іс-әрекеттері және қозғалыстары туралы жедел ақпараттармен алмасуды тездету мүмкіндігін табу керек.

Қорытындылай келсек, еліміздің болашағы өзіміздің қолымызда, қазіргі таңдағы тыныштықты сақтап қалу біздің міндетіміз.